ҰЙҒАРЫМ

2024 жылғы 17 қыркүйек №3342-23-00-2м/874 Балпық би ауылы
Жетісу облысы

Жетісу облысы Көксу аудандық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.К.Тынысбекова, хатшылыққа А.Тлеуғажықызын ала отырып, жеке сот орындаушы Б.О.Туриспаеваның, өндіріп алушы Ж.С.Сырлыбаеваның қатысуларымен, ашық сот отырысында Жетісу облысы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы Б.О.Туриспаеваның борышкер Бейсекеев Толенды Тулегеновичтан ортақ мүліктегі үлесін өндіріп алу туралы ұсынысын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

2021 жылғы 26 қазандағы Алматы облысы Көксу аудандық сотының бұйрығымен Бейсекеев Толенды Тулегеновичтен Сырлыбаева Жибек Сырлыбаеваның пайдасына кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағу үшін 2021 жылғы 25 қазанынан бастап ай сайын еңбек ақысының және өзге де кірістерінің тең жартысы мөлшерінде алимент өндірілген.

2023 жылғы 16 маусымында жоғарыда көрсетілген сот бұйрығының негізінде № 1110/23-33-856 атқарушылық іс жүргізу қозғалған.

Аткару құжатын орындау барысында борышкер Бейсекеев Толенды Тулегенович Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Қаблиса жырау көшесі № 56 үйде тұрмайтындығы анықталып, 2023 жылғы 7 қыркүйектегі қаулымен іздеу жарияланған.

Жеке сот орындаушысының қаулысымен борышкердің мүлкіне тыйым салынған. Сот актісі осы уақытқа дейін борышкермен орындалмаған.

2024 жылғы 9 қыркүйектегі жеке сот орындаушы Б.О.Туриспаеваның қаулысымен борышкер Т.Т.Бейсекеевтің қарызы 5 418 994 теңге болып анықталған.

Сот актісі осы уақытқа дейін борышкермен орындалмаған.

Көксу аудандық сотының 8 тамыз 2024 жылғы үйғарымымен борышкер Бейсекеев Толенды Тулегеновичтің Жетісу облысы, Көксу ауданы, Ақшатоған ауылы, Орджоникидзе көшесі № 4 үйде, кадастрлық нөмер № 03-261-013-371 және Жетісу облысы, Көксу ауданы, Ақшатоған ауылы, Орджоникидзе көшесі № 4 «А» кадастрлық нөмер № 03-261-013-372 жер учаскесінде ортақ бірлескен жылжымайтын мүліктегі үлесі - 1/2 бөлігі анықталған.

Жеке сот орындаушы Б.О.Туриспаева алимент берешегін өндіру үшін борышкер Т.Т.Бейсекеевтің ортақ мүліктегі үлесін өндіріп алу туралы ұсыныс келтірген.

Өндіріп алушы Ж.С.Сырлыбаева сот отырысында ұсыныстық қолдап, кәмелеттік жасқа толмаған балалардың мүддесіне сай борышкерге тиесілі мүліктің үлесін өндіруді сұрады.

Борышкер Т.Т.Бейсекеевке 07 қыркүйек 2023 жылы іздеу жарияланған, қазіргі уақытта тұрғылықты мекен жайы белгісіз.

Сондықтан сот, аталған ұсыныстық борышкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

«Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 1 Нормативтік қаулысының 7,29-тармақтарына сәйкес, сот борышкердің мүлкін өндіріп алу туралы мәселені шешу кезінде Заңның 72-бабында көзделген борышкердің мүлкін өткізу кезектілігінің қағидаларын негізге алуға, мүліктің борышкерге тиесілі екендігін, оның нақты құнын және ондағы ауыртпалықты анықтауға, сондай-ақ мүлік құнының қалған берешектің мөлшеріне мөлшерлес болуын, атқарушылық құжаттың орындалуда болған мерзімін және басқа да назар аударуға болатын мән-жайларды бағалауға тиіс.

Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңының 55-бабына сәйкес, (әрі қарай-Заң) борышкердің мүлкінен өндіріп алу мүлікті алып қоюды және (немесе) оны мәжбүрлеп сатуды не өндіріп алушыға беруді қамтиды.

Атқарушылық құжаттар бойынша өндіріп алу, егер атқарушылық құжатта өзгеше тәртіп белгіленбесе, бірінші кезекте борышкердің ақша сомаларына, оның ішінде банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда тұрған ақша сомаларына да қолданылады.

Борышкерде берешекті өтеу үшін жеткілікті ақша сомасы болмаған кезде, өндіріп алу борышкерге тиесілі басқа мүлікке қолданылады.

Орындау жөніндегі шығыстар және жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар ескеріле отырып, атқарушылық құжатты орындау үшін қажетті мөлшерде және көлемде борышкер мүлкінен өндіріліп алынады.

Борышкердің іздеу салуда болуы онын мүлкінен өндіріп алуға кедергі болып табылмайды.

Заңның 60-бабының 4-бөлігіне сәйкес, борышкердің үлесінің мөлшері туралы құжаттар болмаған және (немесе) борышкердің ортақ мүліктегі үлесіне балама нақты мүлікті айқындау мүмкіндігі болмаған кезде ортақ мүлікті бөлу, сондай-ақ осы мүліктегі үлестерді айқындау және борышкердің үлесін бөліп шығару сот орындаушысының арызы не өндіріп алушының талап-арызы бойынша сот тәртібімен жүргізіледі.

Іс бойынша алимент берешегін өндіру туралы орындау қағазы ұзақ уақыт орындалмай жатқанын және берешектің мөлшерін ескеріп, сот,

Құжатқа қол қойылған ынтасекеева Г.К., 17.09.2024

жеке сот орындаушы Б.О.Туриспаеваның ұсынысы қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

АПК-нің 249, 268-269-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Жетісу облысы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы Туриспаева Бақыт Оспанкуловнаның ұсынысы қанағаттандырылсын.

Борышкер Бейсеев Толенды Тулегеновичтың ортақ жылжымайтын меншігі- кадастрлық №03-261-013-371, Жетісу облысы, Көксу ауданы, Ақшатоған ауылы, Орджоникидзе көшесі №4 тұрғын үй мен Жетісу облысы, Көксу ауданы, Ақшатоған ауылы, Орджоникидзе көшесі №4 «А» көшесіндегі кадастрлық №03-261-013-372 санды жер теліміндегі мүліктің ½ үлесі өндіріліп алынсын.

Ұйғарымға жекс шағым, прокурордың өтінішхаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Жетісу облыстық сотының апелляциялық сот алқасына Көксу аудандық соты арқылы жеке шағым немесе прокурор өтінішхат келтіруге болады.

Судья Г.К.Тынысбекова

Құжатқа қол қойылған: Тынысбекова Г. К., 17.09.2024